

Махмет М.¹, Ержан Қ.², Мұқан Н.³

¹PhD докторанты, e-mail: Murat1215@mail.ru

²PhD докторы, доцент, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

**АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫНЫҢ
ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Мақалада XX ғасырдағы Қытайдың қоғамдық тарихи даму процесі негізінде Қытайдағы қазақтардың діни мәдениеті, діни ағартушылық істерінің дамуы, діни сананың жаңғыруы сынды руханият мәселелері жүйелі түрде қарастырылады. Қытайдағы қазақтар арасынан шыққан ойшыл ақын Ақыт Үлімжіұлының өмірі мен шығармашылығына қысқаша шолу жасалады. Сонымен бірге XX ғасыр басындағы Қытайдағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайларының сипаты және ақын дүниетанымының құндылықтық негіздері айқындалады. Мақалада Ақыт Үлімжіұлының Нақшбандия тариқатының ұстаздарынан діни білім алуы, кейіннен мешіт, медресе салдырып өзінің де діни білім берумен айналысқандығы туралы тарихи мәлімет беріле отырып, оның жеке адамды, жас ұрпақты имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеуде қалыптасқан ұстаздық бейнесі сипатталады. Сол арқылы Ақыттың ұстанған діни дүниетанымы талданады. Қазіргі таңға дейін Ақыт шығармашылығы әдеби және лингвистикалық тұрғыдан біршама зерттелгенімен, оның діни ұстанымына қатысты толыққанды зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Бұл зерттеу жұмысының теориялық құндылығы осы тұлғаның жаңа қырына қатысты құнды мәліметтерді ұсынумен көрінсе, тәжірибелік құндылығы дінтану ғылымының дамуына үлес қосар өзектілігімен айқындалады.

Түйін сөздер: тариқат, сопылық, нақшбандия, пір, мұрид.

Makhmet M.¹, Yerzhan K.², Mukan N.³

¹PhD student, e-mail: Murat1215@mail.ru

²PhD, Associate Professor, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture, Kazakhstan, Almaty

³Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,

Kazakhstan, Almaty, e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

Features in the religious worldview of Akyt Ulimzhiuly

The article systematically examines the issues of spirituality, such as the religious culture of the Kazakhs in China, the development of religious education and the revival of religious consciousness based on the process of public historical development of China in the twentieth century. The life and work of AkytUlimzhiuly, a great personality, a poet, a thinker who came out of the Kazakhs of China, is briefly studied. At the same time, the nature of the socio-political situation of the Kazakh society in China at the beginning of the 20th century and the value foundations of the poet's worldview are determined. The article describes the formation of the personality of Akyt, as a teacher, in the process of educating the young generation and the person towards faith and humanity, based on historical information that AkytUlimzhuly received religious training from teachers of Nakshbandiyatariqah, after himself, having built a mosque and madrasa, was engaged in religious education. Through this the religious path is revealed, to which Akyt adhered to. Until now, the work of Akyt has been studied literary-linguistically, but a full-scale study of his religious position has not been conducted. The theoretical value of this study is represented by valuable information about this new aspect of this person, and its practical value is determined by the relevance of promoting the development of religious studies.

Key words: Tariqah, Sufism, Naqshbandiya, Pir, muriid.

Махмет М.¹, Ержан Қ.², Мұқан Н.³

¹PhD докторант, e-mail: Murat1215@mail.ru

²PhD, доцент, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
³Старший преподаватель, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

Особенности в религиозном мировоззрении Ақыт Улимжиулы

В статье систематически рассматриваются вопросы духовности, такие как религиозная культура казахов в Китае, развитие религиозного образования и возрождение религиозного сознания на основе процесса общественного исторического развития Китая в XX веке. Кратко изучается жизнь и творчество Ақыта Улимжиулы, поэта мыслителя, вышедшего среди казахов Китая. В то же время определены характер социально-политической ситуации казахского общества в Китае в начале XX века и ценностные основы мировоззрения поэта. В статье описывается становление личности Ақыта, как преподавателя, в процессе воспитания молодого поколения к вере и человечности, на основе исторической информации о том, что Ақыт Улимжиулы получил религиозное обучение у учителей тариката Накшбандия, после и сам, построив мечеть и медресе, занимался религиозным обучением. Посредством этого раскрывается религиозный путь, которого придерживался Ақыт. До сих пор творчество Ақыта изучалось литературно-лингвистически, но не было проведено полномасштабное исследование его религиозной позиции. Теоретическая ценность этого исследования представлена ценной информацией о новом аспекте этого человека, а практической ценностью определяется актуальностью содействия развитию религиоведения.

Ключевые слова: Тарикат, Суфизм, Накшбандия, пир, муриид.

Кіріспе

Қытай қазақтары арасында ислам дінінің таралу түр қазығы күллі қазақ халқы, Алтай тауы қазақтары ортасында қанат жаюымен тамыры бір. Бұл өлкеге қазақтар мекен ете бастағанда ислам діні өңірге толығымен таралып, орныққан кез еді. 751 жылғы қазақ даласына «Атлах ғазуатынан» бері таралып, дамып келе жатқан ислам діні қазақ халқының тек наным-сеніміне ғана әсер етіп қойған жоқ. Сонымен бірге, қазақ халқының мәдениеті мен шаруашылық, қолөнері қатарлы салаларына да үлкен әсерін тигізді. Исламнан нәр алған халық тарих көшінде өзіндік орнын қалыптастыру үшін мәдени күреске ұмтылды. Бұл үдеріс қазақ топырағында шоқтығы биік ислам ғұламалар шоғырының қалыптасуынан көрініс тапты. Солардың бірі, біз сөз еткелі отырған – Ақыт Үлімжіұлы. Егемен қазақ елінен алыста ғұмыр кешіп, қазақ руханиятына өшпес үлес қосқан Ақыт есімі қазақ жұртшылығы үшін әлі де бейтаныс. Біз өз зерттеу мақаламызда Ақыт шығармашылығын жаңа қырынан, яғни, саналы ғұмырын дінге арнаған тұлғаның діни сенім жүйесін зерделеуге талпындық және оны діни ұстанымын саралауды мақсат еттік.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жүргізу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер, соның ішінде логикалық және тарихи, герменевтикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Осы әдістер Ақыт Үлімжіұлы дүниетанымының накшбандия тарикатымен сабақтастығын салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттелу деңгейі

Ақыт зерттеулері XIX ғасырдың соңғы ширегінде орыс ғалымы Н. Катановтан бастау алғанымен, кейінгі бодандық жылдары мүлдем зерттелмеді. Себебі ол арабтық әдебиет үлгісін барынша пайдаланған діни әдебиеттің өкілі деп қаралды. 1970-1980 жылдардан бастап Қытай, Моңғол, Қазақстан жерлерінде Ақыт туралы сөз қозғаған Қабидаш Қалиасқарұлы, Кәкей Жанжұңұлы, Жақсылық Сәмиұлы, Ғазез Ақытұлы, Әуелхан Қалиұлы, Қалиолла Нұртаза, Шәміс Құмарұлы, Қадис Жанәбілұлы, Зұфар Сейітжанов секілді жазушы, ғалымдар біраз деректер берді. Айталық, филология ғылымдарының докторы Қабидаш Қалиасқарұлының «Моңғолиядағы қазақ

әдебиеті» атты докторлық диссертациясында Нұрқасым Қазыбековтің «Ой таразысы» (Алматы: Жазушы, 1991), Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» (Алматы, 2000) кітаптарында, сондай-ақ, ағылшын тіліндегі Zeng Xiang, Karl W. және Әуелхан Қали қатарлы зерттеушілердің «Kazakh Traditions of China» (1998) кітабында кездеседі. Нақшбандия тариқаты туралы Itzhak Ueismann «The Naqshbandiyya: Orthodoxy and Activism in a Worldwide Sufi Tradition» (2007) және Sheikh Taosho Buddha «Shah Bahauddin Naqshband – Life and Works: Naqshbandi Tariqat» (2010) еңбегі, сондай-ақ, түрік, өзбек тілдеріндегі зерттеу еңбектерін пайдаландық.

Негізгі бөлім

Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығы мен өмірбаяны жайындағы алғашқы дерек 1898 жылы орыстың түркі тілдерін зерттеуші ғалым, профессор Н. Катановтың «Деятель» журналындағы Ақыт шығармашылығы туралы мақалада кездеседі (Катанов, 1898: 429-430).

Қытайдағы қазақтар XIX ғасырда қытай, мәнжүр секілді бөтен ұлт пен бөгде діндегілер билік құрған қоғамдық ортада өмір сүрді. Олар мұндай қоғамдық ортаға сіңісіп, жоқ болып кетпеудің жолын өздерінің ұлттық ерекшелігін, тілін, дінін және дәстүрлі мәдениетін сақтап қалу деп білді. Осылайша Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар оқу-ағарту жүйесін, білім беру ісін алғаш діни оқу-ағартудан бастады (Қ. Оспанұлы, 2000:251).

Тарихшы, ғалым Қабимолла Мәнжібаевтың «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» деген еңбегінде: «Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген өңірлерде медреселі мешіттер XIX ғасырдың екінші жартысының соңынан бастап салына бастаған. Бұған Алтайдың Сары терек деген жерінде 1870 жылы салынған «Жота қажы» медресесін айтуға болады. 1920 жылы Іле ауданында «Токжан» медресесі салынған», – деген дерек кездестіреміз (Мәнжібаев, 1998:122).

1827 жылы ел арасында Керей ишаны деп аталған, Алтай молдалары арасында беделді Мұхамет Мүмін Алтайдағы Қожамжар төре ауылында төре бейіті деген жерден үй салып, жанынан медресе ашып, бала оқытады. Кейіннен бұл медресенің орнына мешіт салдырады. Оның сыртқы көрінісіне қарап, халық «сары мешіт» деп атап кетті. Мұхамет Мүмін атқарған қызметтерінің арқасында қазылық қызметіне көтеріледі. Осылайша Алтайда тұңғыш ислами

үкім шығаратын қазылық билік жүйесі орнайды (Мыңжани, 1990:25-26).

Бұл медреседен көптеген дін және қоғам қайраткерлері тәлім алып шыққан. Олардың бірі Алтай және Моңғолия қазақтарына бірдей әйгілі, өз заманының бетке ұстар зиялы азаматы, ақын, діни қайраткер Ақыт Үлімжіұлы болды. Ақыт жастай немере ағасынан Құран сауатын ашқан. Кейіннен сол кездегі молқы руының үкірдайы Жуанған (Жотақажы) ауылында, Бұхарадан келген Махбубулладан араб, парсы, түрік тілдерін үйренумен бірге, шариғат ережелері аталатын фикһ ғылымын да игеріп шығады

Ақыт – қазақ руханиятында исламдық бағытты көтерген, ислам тарихын, пайғамбар мен сахабалар тарихын назиралық жолмен жырлаған тарихи тұлға. Оның діни көзқарасын ашу үшін, алдымен оның діни дүниетанымын бала кезі мен дана кезіне дейінгі алған білім-тәжірибесі мен жан-жақты тарихи әрі дінтанушылық, оның ішінде исламтанушылық шығармашылығымен тығыз байланыста қарастыру қажет. 1868 жылы қазіргі Қытай халық Республикасына қарасты Алтай қаласы, Көктоғай ауданында туылған Ақыт алғашында немере ағасы Садық Жебенұлынан, сосын ауыл молдасы Ғұсманнан оқып, мұсылманша сауат ашқан. Кейін Бұқарадан келген оқымысты Мырзабахыдан (Махбубулла) тәлім алады. Бірақ, оқуын жалғастыра алмаған. Бұл туралы ақыт:

Пақыр ақыт сөйлейді әрбір тұстан,
Жаста түркі танытты молла Ғұсман.
Садық аға үйретті әліпбиді,
Танытты хат-қағазды асығыстан.
Ержетіп дамолладан алдым сабақ,
Ісімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұхардың ақсүйегі дәл өзінен,
Шығады демі сайын ғылым тарап.
Қысқа жіп күрмеуге еркін жетпеген соң,
Токталды тойым бермес қайран сабақ... –

деп айтады.

Жалпы, Ақыт Үлімжіұлының баспа беттерінен жарық көрген еңбектер санының қанша екендігі белгісіз. Деректерге негізделгенде нақты баспадан шыққан еңбектер саны – тоғыз.

1. «Жиһаншаһ» (дастан), 1897 жылы, Қазан баспасы;
2. Қисса-и «Жиһаншаһ Тамузшаһ оғлы» (дастан). 1901 жылы Қазан баспасы;
3. Қисса-и «Сәйпілмүлік» (дастан). 1895, 1909, 1914. Қазан баспасы;
4. Қисса-и «Ғабдімәлік» (дастан), 1902, 1904, 1909;

5. «Тәржімә-и Ақыт уәләд» 1897 жылы, Қазан университеті баспасы;

6. «Ахуал-и қиямет» (насихаттық толғау);

7. Қисса-и «Манақыб нуран ғазизан». Қазан университеті баспасы;

8. «Әбият ғақдия» (Ғибырат жыр), 1909 жылы;

9. «Керей ишаны – Мұхаммед мүмін», Қазақ Совет энциклопедиясы (Ақытұлы, 2008:45).

Орта ғасырда Арабтардың Орта Азия мен қазақ даласына басып кіруімен бірге, араб-парсы және батыс әдебиеті осы өңірлерге кеңінен таралды. Бұл екі бағытта көрініс тапқаны байқалады:

1. Әдебиет арқылы діни наным-сенімдер мен уағыздар үгіттеу. Орта ғасырда Орта Азияда біршама ықпалға ие болған үш ірі сопылық қауымның ең көрнектісі Яссауи тариқатының ұстазы Қожа Ахмет Яссауи араб-парсы тілін білмейтін түркі халықтарына діни сопылық дәстүрді түсіндіруде түріктердің халық әдеби үлгілеріне сүйенді.

2. Исламдық сенім жүйесін арқау ету. Кейінгі кезде олардың кейбірінің оқиға желісі сақталғанымен, алайда нақты мазмұнында өзгерістер туылды. Яғни, олар Қазақ халқының тұрмыс әдеті мен көзқарасымен ұштастырылды. Мұндай әдеби үдеріс Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінің басым бөлігін иелеген. Айталық, оның «Қиямет ахуал» шығармасы Құран Кәрімдегі қиямет күнгі оқиғалар баяндалған сүрелер негізінде жазылса, «Шұғайып» шығармасы Шұғайып пайғамбар сөз болған «Аграф» сүресінің 9-аяты мен «Қиссасу-л-Әнбиядағы» «Шұғайып Ғалейссалам оқиғасы» деген он сегізінші қисса желісімен жырланған (Құмарұлы, 2013:212).

Осы тектес діни тақырыптағы өлеңдерін оқып зерделегенде, Ақыт Үлімжіұлының жалпы ұстанған жолы қандай, мәзһабы не, діни ұстанымы қандай болған деген сұрақ бірден ойға оралары даусыз. Олай болса, зерттеу тақырыбымызға сәйкес, өмірінің көп бөлімін діни білім беруге, дін саласында қызмет етуге және қазақ діни әдебиетінің негізін қалауға арнаған ұлы ақынның діни көзқарасы қандай болғандығына тоқталайық.

Ақыт Үлімжіұлының діни сенімі зерттелмеген тың тақырып. Ақыт әлемі де тәуелсіз қазақ елі үшін жасырын, жұмбақ әлем. Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығын осы күнге дейін көбінесе филологтар, әдебиеттанушылар зерттеп келді. Алайда оның діни тұлға ретіндегі сипаттамасы әлі берілген жоқ. Діни өлеңдер мен

толғаулар жазып, бүкіл өмірін қазақ руханиятына арнаған ақынның негізгі мақсаты – адамдарға барлық нәрсені Алла разылығы үшін жасау керектігін дәріптеу, рия және көзбояушылықтан алыс, көркем мінезді адам болуларына ықпалын тигізу, менмендіктен, өзін жақсы көру және өркөкіректіктен құтқару болған. Осылайша исламның таралуына өзіндік іс-әрекеттерімен қызмет еткен ақынның дүниетанымы Құдайдың ішкі болмысының құзырында қалай саяхаттауды, ластықтан тазалануды, жақсы қасиеттермен әсемдеуді білуге ұмтылатын тариқат жолында екенін оның әрбір шығармаларынан байқауға болады.

Жалпы, Тариқат дегеніміз ислам сопылығының ең маңызды жолы. Тариқат ұйым емес. Сондықтан оған мүше болу деген ұғым қолданылмайды. Ислам сопылығының мақсаты Аллаға ұласу, шынайы мұсылман болу, кемел адам мәртебесіне жету болып табылады. Бүкіл тариқаттар әзіреті Әли мен әзіреті Әбу Бәкір жолымен пайғамбарымыз (с.ғ.с) ға барып ұштасады. Әзіреті Әли жолындағы тариқаттарда зікір ашық дауысты түрде болса, әзіреті Әбу Бәкір жолындағы тариқаттарда жасырын түрде жасалынады. Айырмашылық осы жерде басталады. Мысалы, Бекташия, Мәулауия, Рафиғия, Қадария, Яссауия осы әзіреті Әли жолындағы тариқаттар, Нақшбандия болса әзіреті Әбу Бәкір жолындағы тариқат (Файзулла, 2010: 47-48).

Орта Азияда сопылық тариқаттар XII-XVII ғасырлар арасында пайда болды. Түркістан, Бұхара қалалары сопылық ілімнің түркі, парсы тілдес халықтардың арасында таралуында зор рол атқарды. XV ғасырда Яссауи тариқатының орнына Нақшбандия тариқаты келді. Бахауддин Нақшбандия жолы ислам үшін ала бөтен жол емес, ол Яссауи жолы негізіне құрылған Ханафи мазһабы мен Матуриди ақидасы негізіндегі сунниттік тариқат (Байтенова, 2011:183).

Ақыт шығармашылығында тариқат туралы, оның ішінде де нақшбандия тариқаты туралы арналған арнайы өлеңдер көптеп кездеседі. Айталық, «Камал пір мүршид Нақшбанд ахуалы» деген өлеңі Ақыт шығармашылығындағы шоқтығы биік өлеңдердің бірі. Алғашында Қытайда, кейіннен Түркияның Кония қаласында қайталай басылған ақын шығармаларының II томында бұл өлең толығымен беріліп, өлеңнің соңына 1902 жыл деп жазылған. Демек бұл өлең Ақынның Қобда бетінде, Делуін ауданында Лайық қажы, Бардам үкірдай ауылдарында мектеп ашып, бала оқытып жүрген кезінде 34 жасында жазылған.

Алдымен өлең тақырыбына назар салалық. Камал немесе кәміл араб тілінен алынған камил – жетілген, толысқан деген мағынаны білдіреді. Пір сөзі бізге парсы тілінен енген. Парсышадан «данагөй қария» деп аударылады. Негізгі ұғымы қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Көбінесе сопылар арасында кездеседі. Көп жағдайда Пір «әулие» атанып, аскеттік өмір сүреді. Діни ұғымда пір – қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептеледі, аруақ туралы түсінікке жақындайды. Түрлі табиғи заттарды, ескі мазарларды, кейбір тарихи ескерткіштерді Пір тұтып, діни аңызға бөлеп, «әулие» күзетшісіне айналдырады. Мүршид сөзінің жалпылай, тасаууф ұғымында жекелей де мағынасы бар. Жалпы мағынада мүршид дегеніміз – адамды теріс жолдан қайтарып, дұрыс жолды көрсететін, көңілімен Аллаға бағынған, шәкіртін кәмілдікке тәрбиелейтін адам.

Деректерге негізделгенде, қазақ даласына Нақшбанди тариқатының келу барысы үш кезеңге бөліп қарастырылады. Бірінші кезең: Әмір Темір және Темір ұрпақтары, Убайдулла Ахрар Уәли, Әбілхайыр хан, Керей және Жәнібек хандар кезі. Екінші кезең: Сопы Аллаяр, Бабараһым Машарб кезеңі. Үшінші кезең: XX ғасырдағы суфистік бағыттың белең алған кезеңі. Ал, Шығыс Түркістандық агиографиялық шығармаларда қазақтар мен қырғыздардың XIV ғасырдан бастап Шығыс Түркістанда болған барлық оқиғаларға белсенді қатысып отырғандығы айтылады, яғни қазіргі Қытай халықтары Орталық Азия мен Қазақстан халықтарымен тарихи, экономикалық және мәдени салаларда біртұтас болған. Көптеген ғасырлар бойы бұл халықтар тығыз араласып, ортақ жауларына әлденеше рет бірлесе тойтарыс беріп, өздерінің саяси тәуелсіздігін қорғап қалып отырған. XIX ғасыр бойында Шығыс Түркістан халықтары Цин империясына қарсы жеті мәрте үлкен көтеріліс жасаған, бұл көтерілістерге өзбек, қазақ, қырғыз т.б. халықтар белсенді қатысқан. Әрбір сәтсіз көтеріліс соңында көтеріліс басшылары Орта Азияға қашып, сол жерлерде пана тапқан (Муминов, 2006:15).

Аталған жағдайларға байланысты, тариқат халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру формасына айналған өңірлерде пірге деген құрмет те сәйкесінше жоғары болды. Әрбір ойшыл, көзқарақты мүміндер Алланы сүюге, адамды құрметтеуге, жаратушымен байланыста болуға, сол ақылы жаратушы мен мүрид арасындағы кәміл адам пірге деген құрметке

баса мән берді. Соның бірі – қытай қазақтарынан шыққан ойшыл Ақыт Үлімжіұлы еді.

Нақшбанди әулие,
Тариқаттың кені екен –

деп басталатын Ақыт өлеңі алдымен пірге деген құрметпен басталып, тариқатқа қол берсең, жаманлық жолды ұмытып қал – деп тариқатпен жүрудің моралдық-этикалық үлгісін ұсынады.

Нақшбанди тариқаты туралы кеңінен жазылған келесі бір өлең – ақынның «Керей ишаны Мұхаммед Мүмін» атты тарихи этнографиялық өлең романы. Бұл өлеңде нақшбанди тариқатының толық силсиласы (тізбек) өлең түрінде көрініс тапқан. Жалпы, ғылыми деректерде Нақшбанди тариқаты тараған барлық өңірде, Нақшбандиге дейінгі тізбек төменгідей беріледі:

1. Әзіреті Мұхаммед (с.ғ.с)
2. Әбу Бәкір ас-Сыддық (р.а)
3. Салман Фарси (р.а)
4. Қасым ибн Мұхаммед
5. Имам Жағфар Садық
6. Әбу Язид Бистами
7. Абул Хасан Харакани
8. Әбу Әли Фармади
9. Юсуф Хамадани
10. Абдулхалик Ғиждуани
11. Ариф Ривигари
12. Махмуд Анжир Фағнауи
13. Азизан Әли Рамитини
14. Мұхаммед Баба Самаси
15. Саид Әмір Кулал
16. Бахауддин Нақшбанди (Nasrullah, 1966:21)

Аталған тізбек әртүрлі саяси, діни және қоғамдық жағдайларға байланысты, әртүрлі кезеңдерде бір-бірінен мүлдем ажырап немесе қайта бірігіп отырған. Айталық, Зікірдің іштей немесе жария айтылуына қатысты, Әбу Бәкір мен Әли арасындағы алғашқы ихтилаф; Алтын силсила мен Темір силсила тізбегі біріккен Жағфар Садық кезеңі; үшіншісі, Әбу Язид Бистами мен Абул Хасан Хараканидің бөлінуі. Осының Абул Хасан Харакани түркі және парсы мектебін ашты. Төртінші кезең, Юсуф Хамадани муридтері тариқатты төртке бөлді: Убайдулла Барки, Хасан Антакий, Ахмед Яссауи, Абдухалик Ғиждуани. Ал, бесінші кезеңде Бахауддин Нақшбанди тариқатты қайтадан біріктірді.

Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди әзіреті Әмір Кулалға қол тапсырғанымен, деректерде ол кісінің ақиқи шейхы өзінен бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен Абдулхалик Ғиждуани (к.с)

екені айтылған. Бұл түрдегі тәрбиені сопылық (тасаууф) әлемінде «увайсылік жолы» деген атау берілген (Зәріпбай, 2007:21).

Махмуд Анжир Фағнауиден Саид Әмір Кулалға дейін бұл силсиланың кісілері орнына қарап кейде жария, кейде құпия зікірді салуды құптаған. Көбінесе жария зікір салынатын. Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди Құран мен сүннеттен дәлелдер және өз ұстазынан алған тәлімдерін басшылыққа алып, іштей зікір салуды үстем санады. Ол кісі: «сопы оңашада болса да, жамағатта болса да құпия зікір салғаны абзал», деді (Салим, 2003:12). Яғни, нақшбандия тариқатын ұстанушылар жария зікір салудан гөрі іштей зікір салуды абзал санаған.

Өзбекстандық ғалым Мухаммад Садиқ Мухаммад Юсуф өзінің «Тасаввуф хакида тасаввур» атты еңбегінде Мұхаммед Бахауддин Нақшбандидің көп жылдық еңбек, тақуалық және өнеге істері нәтижесінде төрт құтыптардың бірі болу шарапатын нәсіп болғанын айтады. Олар:

Шейх Абдулкадыр Жилани;
Қожа Мұхаммед Бахауддин Нақшбанди;
Саид Ахмед Рифаи;
Саид Ахмед Бәдәуи (Мухаммад Содик, 2011, 110).

Ал, нақшбандия тариқатының пірлер тізбегі Ақыт Үлімжіұлы шығармасында өлең түрінде былай беріледі:

Екі жаһан сәруәрі хақ пайғамбар,
Әуелі шаһар жардың Әбубәкір.
Сыдыққа қол тапсырған хазірет Салман,
Салманға хазірет Қасым қол тапсырған,
Қасымға мүрид болған Жағыпар Садық
Баязит Бистами ұстап оның жолын,
Онан кейін пір болды Абул Хасан
Әбу әли пір еді оның арты,
Әбу Юсуф Хамадани оған жалғас
Абдулхалиқ Ғиждуани оған жалғас
Әулиеһи зікірі әзіреті Ғариф.
Осының мақамында хазірет Анжир
Онан соң хазірет Әли рахметлі
Онан соң Мұхаммед пір хазірет баба
Самас деген Шаһардан шыққан аға.
Саид Әмір Кулалі оған мақам
Пір Кулалдан қол беріп рұқсат алды,

Бахауддин Нақшбанди қожа атаң – деп тарқатады. Негізі, шығармада бұл тариқат ұстаздарының (пірлерінің) есімдері аталып, бір немесе екі шумақ көлемінде арнайы таныстырулар жасалынады. Мақала көлеміне сай тек есімдері берілген тармақтарды ғана бөліп

алдық. Бұл тізбек өлеңде одан ары жалғасып, нақшбандия тариқатының кейінгі пірлері Маулана Якуб Чархи, Хожа Убайдуллаһ Ахрар, Маулана Мұхаммед Захид, Маулана Дәруіш Мұхаммед, Әзіреті қожа Мұхаммед Имкани, Хожа Мұхаммед Баки, Имам Раббани Ахмед Фарук Сарханди, Мұхаммед Сайид, Шайх Абдул – Ахмад, Маулана Абид, Мұхаммед Мусахан, Халифа Сидик, Халифа Хусайн, Халифа Абдусаттар, Халифа Саид Камал деп толығымен беріледі.

Мақтан емес бұл сөзім
Пірім десем жас келер

Немесе

Пақыр Ақыт қаламды,
Назым сөйлеп қолға алған.
Пір ұстазын сөйлесе,
Жалған ісі жол қалған.
Тәуба қылса соларға,
Жол ашылып оңдалған.
Тәуба қылмай не қылсын,
Бахаудин пірлерім,
Қысылған жерде қолдаған, –

деп Ақыт өзінің піріне деген аса бір құрметін білдіреді.

Ақыттың діни дүниетанымы қалыптасуына ықпал еткен ұстазы пір Саид Камалға «қол берген» Мұхаммед Мүмін болды. Осылайша, нақшбанди тариқатының белді ұстазынан тәлім алған Ақыт Үлімжіұлы өзінің пірге қол берген нақшбанди тариқатын ұстанушы екенін мына жолдар арқылы білдіреді:

Сол пірге қол тапсырған хазірет атаң,
Мүридке қуат болсын қылған батаң.
Атаңның қол тапсырған пақыры едік,
Асып жүр ерапайсыз қылған қатам.

Бұдан Ақыт Үлімжіұлының бұрыннан қалыптасқан қазақы мұсылмандық дәстүр бойынша суфизмнің рухани мұрасын игергенін атап өту аса маңызды. Ол кезде бүкіл Орталық Азияда сопылық жолдың әсіресе нақшбанди тариқаты кең тараған еді (Суфизм. 2001:211). Сондықтан Ақыттың Керей ишаны Мұхаммет Мүміннің сопылық тариқатына кіріп, оған «қол бергені» осы діни жолда белгілі дәрежеге жеткенін көрсетеді. Исламдық білімін жан-жақты толықтырған тұлға кейін өз ауылында бейресми медресе-мектеп ашады. Ақыт Үлімжіұлының араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік меңгергені мәлім. Суфизмнен, діни-

реформаторлық ілімдерден терең білімдар қазақ теологы күрделі рухани ізденістерден өтіп, ұлттық мәдениетті қорғау жолына түседі.

Нақшбандия тариқаты – кісінің қандай жағдайда болмасын, қиыншылықта да, қуанышта да, молшылықта да, таршылықта да, мейлі басшы болсын, мейлі қосшы болсын, мейлі далада яки тасада болсын, Алламен бірге болуы, жүректен Алладан өзгені былай ысырып, шынайы ықыласқа жетуі болмақ. Хазіретке пірге қол тапсырған мүрид ретінде Ақыт осы жолды берік ұстанады. Айталық:

Пақыр Ақыт сөйлейді ...
Айналын құдайым,
Мінәжіт етіп жылайын.
Өзіңнен қуат сұрайын,
Он сегіз мың ғаламды,
Жаратқан өзің бар құдай,
Бір өзіңнің үкімің,
Қаратқан өзің бір құдай.
Бисмиләһи құдайым,
Илләһи саған жылайын.
Мүсәпір болған біз ғарып,
Жыламай қайтып шыдайын, –

деп толғайды. Бұдан Ақыт шығармаларының негізінен толығымен сән-салтанатына алданбай, Хаққа қарай жүруді, құлшылықта тереңдетуді, өзінің әлсіз құл екенін ұмытпай, қарапайымдылығынан айнымай ғұмыр кешуі дәріптеуге арналғандығын байқау қиын емес.

Ақыт Үлімжіұлының Нақшбандия тариқатында болғаны туралы басқа де деректерден келтіруге болады. Айталық, Нақшбандия тариқатында зікір құпия түрде орындады, зікір орындаушы кісі жамағатпен де, жеке өзі де зікір сала алады. Негізінде Нақшбандия тариқатында құпия түрде жеке өзі орындағаны абзалырақ. Бұл туралы Ақыт:

Пайғамбарым бастаған иә пірлерім,
Бізлерге жолдас болсын қайыр батаң.
Әмір Кәләлға Қожа атам берді қолды,
Діліне мағырипаттың нұры толды.
Рухы-шәрпі Ғабдұл Халықтың аян беріп,
Зікір хафия осыған пайда болды.

Бұрын зікір жария барудағы,
Әр жерде жария бар алуадағы,
Зікір хафия пайда қылып тағылым берген,
Бахауддин пірлерің танудағы. (Ақыт, 2011:138)

Өлеңдегі зікір хафия деген жасырын немесе іштей зікір айтуды білдіреді. Сөздің шариғи мағынасы тек жүректен зікір ету. Бейқамдылық пен ұмытудан арылып, жүрек пен Раббының

арасында болатын пердені ысырып, зікірді жүрекке құдды Алланы көріп тұрғандай етіп орнықтыру.

Нақшбандия тариқатының жалпыға белгілі сегіз рашхасының біреуі – «Уқуфи қалби». Бұл салик (тариқатты ұстанушы адам) құпия зікірде көптеу жүріп, жүректе Алланы сақтауымен уайымсыз жүруі керек дегенді білдіреді. Бұл туралы Ақыт өзінің «Өтер дүние аялсыз» өлеңінде:

Күнәлі болсаң қасарма,
Тілек ғып ағарт көңілді.
Тілесен Алла бермек-дүр,
Жіберме зая өмірінді.
Түсін мейлі түсінбе,
Алланың сен ісіне,
Алланың аты айтылсын,
Ірбір қылған ісінде, –

деп толғайды.

Келесі бір рашха: «Сафар дар ватан», яғни, салих құлшылығы арқылы адамгершілік табиғатынан періштелік сипатына өтуі. Ақыт Үлімжіұлы бұл туралы «Аллаға шынайы бет бұрған адамның жүрегі жібіп, тақуаға айналатынын» айта келіп, былай деп тоқаталады:

Аллаға ғашық шын ерлер,
Хақ жолына бас берер.
Шынымен сорлы надандар,
Шариғат сөзін қас көрер,
Хакты ойлаған жомарттар,
Керейге қайыр ас берер... (Ақыт, 2011:228).

Қорытынды

Діни дүниетаным тарихи тұрғыда мифологиялық сананың қойнауында пайда болады және әуел баста оның бойында политеизм мен пантеизмнің белгілері болады. Бұл белгілер кейінірек әлемдік діндердің қалыптасуы барысында біртіндеп игеріледі. Бастапқыда «мифтер сол заман адамдарының рухани мұқтажығын, зерделі жанның күнделікті өмірден туындайтын практикалық сұраныстарына ғана жауап беріп қоймай, трансценденттіктен де алшақ болған емес» (Топоров, 1988:52) дегенмен, біз бұл жерде нақшбандия тариқатының діни дүниетанымын Алламен берік байланыста болуды мақсат еткен иман деңгейінің қалыптасуы деп қарастырдық. Саяси жағдайларға байланысты, зерттелмей келе жатқан Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымы – сопылық бағыттың нақшбандия тариқатында

екендігін ақынның өз сөзімен тұрақтандырды. Яғни, Нақшбанды Бахауддинге Ақыттың ұстазы, кезінде керей ишаны атанған Мұхаммет Мүмін қол тапсырады. Ал ұстазға қол тапсырған мүрид ретінде Ақыт қажының да осы жолды ұстанары табиғи шариғи заң еді.

Өмірінің көп бөлімін ислам жолына арнаған ұстаз, қажы Ақыт Үлімжіұлының діни ұстанымын әлі де зерттей түсу – кеткеніміз оралып, өшкеніміз жанып отырған бүгінгі күн үшін де өте өзекті тақырып болып қала берері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Муминов А.К. (2006) Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелер. 4 том Мұхаммед Садық Қашғари «Тазкира-йи азизан». – Алматы: «Дейк-Пресс», 2006, 658 б.
- Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының толық жинағы: екі томдық. (2011) – Кониya. т. 2. – 594 б.
- Топоров В.Н. (1988) Мифопоэтическая модель мира. Мифы народов мира. – М., Т.2. – С. 352
- Ақытұлы Ф. (2008) Ақыт Үлімжіұлы. – Алматы: Мұсылман баспа үйі. – 137 б.
- Файзулла Г.Ф. (2010) Сұлтан Велед көзқарасындағы дүниетанымдық және моральдық негіздер: автореферат. – Алматы: Print plus. – 26 б.
- Эшбек Й. (2010) Бахоуддин Нақшбанд Бухорий. – Тошкент: «Насаф». – 240 б.
- Мәнжібаев Қ. (1998) Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. – Үрімжі: «Халық». – 168 б.
- Оспанұлы Қ. (2000) Іле қазақ автономиялы облысы. – Алматы: Ағайын. – 315 б.
- Махдум М.Х. (1993) Бахоуддин Балогардон. – Тошкент: «ёзувчи» нашриёти. – 208 б.
- Мухаммад Содиқ Мухаммад Юсуф. (2011) Тасаввуф хакида тасаввур. – Тошкент: «sharq» нашриёт – матбаа акциядорлик компанияси бош тахририят. – 280 б.
- Катанов Н. (1898) Образцы книжной и устной литературы казанских татар // журнал «Деятель», №8-9, с.430.
- Байтенова Н. (2011) Қазақстандағы діндер: оқу құралы. «Сопылық». – Алматы: Қазақ университеті. – 244 б.
- Мыңжани Н. (1990) Ислам дінінің қазақ халқына таралуы // Шыңжаң қоғамдық ғылымдары журналы, №1.
- Зәріпбай О.Ж. (2007) Сопы Аллаяр «Сэбатул Ажизин» және Тажүддин Жалшықұл «Рисалаи Азиза» кітаптары. – Шымкент: «Ғасыр-ш», – 360 б.
- Салим С. (2003) Бахоуддин Нақшбанд ёки етти пир. – Тошкент: «Янги аср авлоди». – 24 б.
- Суфизм в Центральной Азии: зарубежные исследования: сборник статей памяти Фритца Майера 1912-1998. (2001) – Санкт-Петербург. – С. 211.
- Құмарұлы Я. (2013) Қазақтың наным-сенім мәдениеті. – Үрімжі: «Шыңжаң халық баспасы», – 509 б.
- Nasrullah B. (1966) Büyük islam velisi muhammed bahaeddin şah nakşibendi hayatı şahsiyeti menkibeleri. İstanbul, – 144 s.
- Itzchak Ueismann. (2007) the Naqshbandiyya: Orthodoxy and Activism in a Uorlduide Sufi Tradition. Front Cover. Routledge, Social Science. – 208 p.

References

- A.K. Muminov. (2006) Kazakhstan tarihy turaly turki derektemeler 4 tom Mukhammed Sadikh Khashkari «Tazkiyra-iAzizan» [Turkic details about the history of Kazakhstan. vol. 4]. Almaty: «deyk-press» 2006, 658 b
- Akyt Ylimzhiulyshygarmalarynyn tolyh zhinagy: eki tomdyk. (2011) [Complete collection of works by Akyt Ylimzhiuly].- Konya. t. 2. -594 b.
- V.Toporov. (1988) Mifopoieticheskaia model mira. mify narodov mira [Mythopoetic model of the world. Myths of the peoples of the world]. M., t.2. – s. 352
- G. Akytuly (2008) Akyt Ulimzhiuly [Akyt Ylimzhiuly]. Almaty, Musilman baspa uiy, 2008j. – 137b.
- G. Faizulla. (2010) Sultan Veled kozharasyndagy dunietyanymdyk jane moraldyk negizder, autoreferat[Behavioral and moral foundations of Sultan Veled's vision]. Almaty: Print plus, – 26 b.
- I. Ieshbek. (2010) Bahouddin Nahshband buhori [Bahouddin Naqshband Bukhari]. Toshkent: «nasaf». – 240 b.
- H. Manzhibayev. (1998) Kazakh ohu-agartu tarixynan kiskasha derekter [Brief history of Kazakh education history]. Urimji: «Khalyk». – 168 b.
- H. Ospanuly. (2000) Ile kazakh autonomialy oblysy [The Ili Autonomous Oblast of Kazakh]. Almaty: agayin. – 315 b.
- Makhдум M. (1993) Bahouddin Balogardon[Bahouddin Balogardon]. Toshkent:«yozuvqy» nashrioty.- 208 b.
- Muhammad Sodikh Muhammad Yusuf. (2011) Tasauf khakhyda tasaur [thoughts on Sufism].Toshkent: «sharq» nashriot – matba aktsyadorlyk kompaniyasy bosh tahriryat. -280 b.
- N. Katanov. (1898) [Samples of book and oral literature of Kazan].Jurnal «Deiatel», №8-9.–s. 430.
- N. Baitenova. (2011) Kazakhstandagi dinder [Religions in Kazakhstan]. oku kurali.-Almaty: khazakh unversyteti. – 244 b.
- N. Myngzhani. (1990) Islam dinining kazakh khalhyna taraluy [Propagation of Islam by the Kazakh people]. Xinjiang hogamdyk gylymdary jurnaly, №1.

- O. Zaripbai. (2007) SopyAllaiar «Sabatul Azhizin» jane Tazhuddin Zhalshykulul «Risalai Aziza» kitaptary [Sopa Allayar “Saifulul Azizin” and Tazhdimdin Jarshikul “Risalei Aziza” books]. Shimkent: «ghasir-sh» – 360 b.
- S. Salim. (2003) Bahouddin Nakshband yoky etty pir [Bahouddin Nakshband or seven peer]. Toshkent: «yangi asr avlody».-24 b.
- Sufyizm v sentralnoiAzii: zarubejnie ysledovania.: sbornyk statey pamyaty Fritsa Maiera 1912-1998 [Sufism in Central Asia: Foreign Studies]. (2001) Sankt-Peterburg. – s. 211
- Y. Humaruly. (2013) Kazakahningnanyim-serimmadenyeti [The culture of Kazakh beliefs]. Urimji: «Xinjiang khalyhbaspasy». – 509 b.
- B. Nasrullah. (1966) Buyuk Islam velisi Muhammed Bahaeddin shah Nakshibendi: hayati shahsiyeti menkibeleri [Muhammad Bahaeddin shah Nakshibendi]. Istanbul, – 144 s.
- Itzhak Ueismann. (2007) the Naqshbandiyya: Orthodoxy and Activism in a Uorlduide Sufi Tradition. Front Cover. Routledge, Social Science. – 208 p.